

**Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі көрсететін мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1127 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 ақпандағы № 50 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.02.2014 № 50 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 34-бабына, «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1, 15-2-баптарына және «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2), 3) тармақшаларына, 29-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) «Көмірсутегі шикізаты бөлігінде жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шартын тіркеу» мемлекеттік қызмет стандарты;
- 2) «Көмірсутегі шикізаты бөлігінде жер қойнауын пайдалануға келісім-шартты тіркеу» мемлекеттік қызмет стандарты;
- 3) «Тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалауға (технологиялық), магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты бекітілсін.

**2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.09.2013 № 983 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2012

жылғы

31

тамыздағы

№

1127

қаулысымен

бекітілген

## **«Көмірсутегі шикізаты бөлігінде жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шартын тіркеу» мемлекеттік қызметтің стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) мына мекенжай: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, А 0503 кабинетінде көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңының 17 және 68-баптарына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету туралы ақпарат Министрліктің [www.mgm.gov.kz](http://www.mgm.gov.kz) ресми интернет-ресурсындағы «Жер қойнауын пайдалану» бөлімінде орналастырылады.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі қағаз тасығыштағы жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шартын тіркеу туралы куәлік немесе қағаз тасығыштағы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

Куәлік осы стандарттың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қағаз тасығышта жазбаша түрде ресімделеді.

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушылар) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі мемлекеттік қызметті алушы осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды тапсырған күнінен бастап бес күннен аспайды;

2) қажетті құжаттарды тапсырған кезде рұқсат берілген кезек күтудің ең ұзақ уақыты 30 минуттан аспайды;

3) жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шартын тіркеу туралы куәлігін алған кезде рұқсат берілген кезек күтудің ең ұзақ уақыты 30 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Жұмыс кестесі: еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген демалыс және

мерекелік күндерінен басқа, күн сайын, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін көрсетіледі, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Хат-хабарды қабылдау кестесі: еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген демалыс және мерекелік күндерінен басқа, сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Құжаттар алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз қабылданады.

10. Ғимаратқа кіру рұқсаттама бюросы берген рұқсаттама қағазы бойынша жүзеге асады. Рұқсаттама бюросының жұмыс кестесі: еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген демалыс және мерекелік күндерінен басқа, күн сайын, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жұмыс істейді, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсетілетін ғимарат мүмкіндігі шектеулі адамдардың кіруіне арналған пандустармен жабдықталған.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде мүмкіндігі шектеулі адамдарға кезектен тыс қызмет көрсетіледі.

## **2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

11. Көмірсутегі шикізаты бөлігінде жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шартын тіркеу үшін мынадай құжаттар қажет:

- 1) мемлекеттік қызметті алуға өтініш (еркін нысанда);
- 2) жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шартының түпнұсқасы;
- 3) қарызды тартудың, пайдаланудың және қайтарудың техникалық-экономикалық негіздемесі:  
несие мақсаты (қаражатты пайдалану);  
несие сомасы мен өтеу мерзімін;  
несие көздері мен өтеу кезеңдері (негізгі борышты және сыйақы пайыздарын жылдар бойынша бөліп);

4) сенімхатсыз қол қою құқығына ие мемлекеттік қызметті алушының бірінші басшысын қоспағанда, мемлекеттік қызметті алушының мүдделерін білдіретін тұлғаға берілген сенімхат.

Мемлекеттік қызметті алушы жер қойнауын пайдалану құқығын беруге рұқсат алғаннан кейін Министрлікке тіркеу үшін жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шартын ұсынады.

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін бланкілер, өтініш нысандары көзделмеген

13. Құжаттарды қабылдау 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, А 0305 кабинеті мекенжайы бойынша жүзеге асырылады.

14. Министрліктің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба және кіріс нөмірі, күні) осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттардың тапсырылғанын растайды.

15. Жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шартын тіркеу туралы куәлігінің түпнұсқасы қолма-қол Министрлік орналасқан мекенжай бойынша беріледі.

16. Осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды бермеу мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

### **3. Жұмыс қағидаттары**

17. Министрліктің қызметі мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
- 2) қызметтік борышты орындау кезінде заңдылықты сақтау;
- 3) сыйақылық;
- 4) жеткілікті және толық ақпарат беру;
- 5) ақпаратты қорғау және оның құпиялылығы;
- 6) мемлекеттік қызметті алушы белгіленген мерзімде алмаған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету.

### **4. Жұмыс нәтижелері**

18. Мемлекеттік қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелері осы стандарттың 2-қосымшасына сәйкес сапа және қолжетімді көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Министрліктің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа мен қолжетімді көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын Мұнай және газ министрінің бұйрығымен бекітіледі.

### **5. Шағымдану тәртібі**

20. Уәкілетті лауазымды тұлғалардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін Министрліктің құжат айналымын қамтамасыз ету қызметі мына мекенжайда түсіндіреді: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, А 0305 кабинеті, байланыс телефондары: (7172) 97-69-31, (7172) 97-69-43.

21. Министрлік жоғары тұрған ұйым болып табылады. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым Министрлікке мына мекенжай бойынша беріледі: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, А 0305 кабинеті, байланыс телефондары: (7172) 97-69-31, (7172) 97-69-43.

22. Қызметті көрсету кезінде дөрекілік көрсетілген жағдайда шағым Министрлікке мына мекенжай бойынша беріледі: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, А 0305 кабинеті, байланыс телефондары: (

7172) 97-69-31, (7172) 97-69-43.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқылы.

24. Шағым, заңды тұлғаның толық атауын, мекенжайын, шағымның шығыс нөмірі мен күнін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңына сәйкес әзірленеді. Шағым мемлекеттік қызметті алушының қол қоюымен немесе электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылуы тиіс.

Шағым түсіргенде, әрекетіне (әрекетсіздігіне) лауазымды тұлғаның тегі және аты-жөні, лауазымы, талаптар мен шағымның себебі көрсетілуі керек.

25. Қолма-қол қабылданған шағым жеке (заңды) тұлғалар өтініштерін есепке алу журналында тіркеледі.

Шағымның қабылданғанын растау тіркелген күні мен уақыты, өтінішті қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетіліп берілген талон болып табылады.

Шағымның қаралу барысы туралы ақпаратты Министрліктің қызметкерлерінен мына (7172) 97-68-65, (7172) 97-69-79 телефондары арқылы алуға болады.

Шағымдарды қарау Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

26. Министрліктің байланыс деректері:  
мекенжайы: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, А блогы.

Жұмыс және қабылдау кестесі: еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген демалыс және мерекелік күндерінен басқа, күн сайын, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жұмыс істейді, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет жөніндегі қосымша ақпараттарды Министрліктің [www.mgm.gov.kz](http://www.mgm.gov.kz) ресми интернет ресурсының «Жер қойнауын пайдалану» бөлімінен алуға болады.

«Көмірсутегі шикізаты бөлігінде жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шартын тіркеу» мемлекеттік қызметті көрсету стандартына 1-қосымша

**Жер қойнауын пайдалану құқығының кепілін тіркеу туралы  
КУӘЛК**

2011 жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

( қ а л а , а у д а н )

Кепіл беруші: \_\_\_\_\_  
(заңды немесе жеке тұлғаның атауы, мекенжайы, СТН)

К е п і л ұ с т а у ш ы :

(банктің атауы, оның заңды мекен-жайы)

Кепіл шарты: \_\_\_\_\_  
( н ө м і р і , к ү н і )

Жер қойнауын пайдалану құқығының сипаттамасы: \_\_\_\_\_

(жер қойнауын пайдалану операциясының түрі, кен орнының толық атауы)

Келісімшарт: \_\_\_\_\_  
(келісімшарттың нөмірі мен жасалған күні)

Міндеттеменің сомасы: \_\_\_\_\_  
(санмен және жазумен)

Міндеттемені өтеу мерзімі: \_\_\_\_\_  
(күні)

Ескертпе: \_\_\_\_\_

Жер қойнауын пайдалану құқығының кепілін тіркеу туралы куәлікті берген мемлекеттік орган басшысының Т.А.Ә., қолы  
«Көмірсутегі шикізаты бөлігінде  
жер қойнауын пайдалану құқығының  
кепіл шартын тіркеу» мемлекеттік  
қызметті көрсету стандартына  
2-қосымша

### Кесте. Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылғы нысаналы мәні	Есепті жылда көрсеткіштің ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақтылығы			
1.1. Құжатты тапсырған сәтінен бастап белгіленген мерзімде қызметті көрсету жағдайларының %-ы (үлесі)	90%		
2. Сапасы			

2.1. Қызметті көрсету процесінің сапасына қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)	100%		
3. Қол жетімділік			
3.1. Қызметті көрсету сапасына және тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)	100%		
3.2. Ақпаратқа электрондық формат арқылы қол жеткізуге болатын қызметтердің %-ы (үлесі)	100%		
4. Шағымдану процесі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)	100%		
5. Сыпайылық			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)	100%		

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

3 1

т а м ы з д а ғ ы

№

1 1 2 7

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## **«Көмірсутегі шикізаты бөлігінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды тіркеу» мемлекеттік қызметтің стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) мына мекенжай: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, А 0503 кабинетінде көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңының (бұдан әрі – Заң) 17 және 68-баптарына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат Министрліктің [www.mgm.gov.kz](http://www.mgm.gov.kz) ресми интернет-ресурсындағы «Жер қойнауын пайдалану» бөлімінде о р н а л а с т ы р ы л а д ы .

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі қағаз тасығыштағы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшартты тіркеу актісі немесе қағаз тасығыштағы мемлекеттік қызметті

көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушылар) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі мемлекеттік қызметті алушы осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды тапсырған күнінен бастап бес күннен аспайды;

2) қажетті құжаттарды тапсырған кезде рұқсат берілген кезек күтудің ең ұзақ уақыты 30 минуттан аспайды;

3) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшартты тіркеу актісін алған кезде рұқсат берілген кезек күтудің ең ұзақ уақыты 30 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Жұмыс кестесі: еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген демалыс және мерекелік күндерінен басқа, күн сайын, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін көрсетіледі, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Хат-хабарды қабылдау кестесі: еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген демалыс және мерекелік күндерінен басқа, сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Құжаттар алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз қабылданады.

10. Ғимаратқа кіру рұқсаттама бюросы берген рұқсаттама қағазы бойынша жүзеге асады. Рұқсаттама бюросының жұмыс кестесі: еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген демалыс және мерекелік күндерінен басқа, күн сайын, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жұмыс істейді, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсетілетін ғимарат мүмкіндігі шектеулі адамдардың кіруіне арналған пандустармен жабдықталған.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде мүмкіндігі шектеулі адамдарға кезектен тыс қызмет көрсетіледі.

## **2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

11. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшарттарды тіркеу үшін мынадай құжаттар қажет:

1) мемлекеттік қызметті алуға өтініш (еркін нысанда);

2) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшарттың түп нұсқасы;

3) сенімхатсыз қол қоюға құқығы бар мемлекеттік қызметті алушының бірінші басшысын қоспағанда, мемлекеттік қызметті алушының мүдделерін білдіретін адамға берілетін сенімхат.



12. Мемлекеттік қызметті алу үшін бланкілер, өтініш нысандары көзделмеген

13. Құжаттарды қабылдау 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, А 0305 кабинеті, мекенжайы бойынша жүзеге асырылады.

14. Министрліктің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба және кіріс нөмірі, күні) осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттардың тапсырылғанын растайды.

15. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшартты тіркеу актісінің түпнұсқасы қолма-қол Министрлік орналасқан мекенжай бойынша беріледі.

16. Осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды бермеу мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

### **3. Жұмыс қағидаттары**

17. Министрліктің қызметі мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау ;
- 2) қызметтік борышты орындау кезінде заңдылықты сақтау;
- 3) сыйақылық ;
- 4) жеткілікті және толық ақпарат беру;
- 5) ақпаратты қорғау және оның құпиялылығы;
- 6) мемлекеттік қызметті алушы белгіленген мерзімде алмаған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету.

### **4. Жұмыс нәтижелері**

18. Мемлекеттік қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелері осы стандарттың қосымшасына сәйкес сапа және қолжетімді көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Министрліктің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа мен қолжетімді көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын Мұнай және газ министрінің бұйрығымен бекітіледі.

### **5. Шағымдану тәртібі**

20. Уәкілетті лауазымды тұлғалардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі Министрліктің құжат айналымын қамтамасыз ететін қызмет мына мекенжайда түсіндіреді: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, А 0305 кабинеті, байланыс телефондары: (7172) 97-69-31, (7172) 97-69-43.

21. Министрлік жоғары тұрған ұйым болып табылады. Көрсетілген қызмет

нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым Министрлікке мына мекенжай бойынша беріледі: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, А 0305 кабинеті, байланыс телефондары: (7172) 97-69-31, (7172) 97-69-43.

22. Қызметті көрсету кезінде дөрекілік көрсетілген жағдайда шағым Министрлікке мына мекенжай бойынша беріледі: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, А 0305 кабинеті, байланыс телефондары: (7172) 97-69-31, (7172) 97-69-43.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқылы.

24. Шағым, заңды тұлғаның толық атауын, мекенжайын, шағымның шығыс нөмірі мен күнін көрсете отырып, «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңына сәйкес әзірленеді. Шағымда мемлекеттік қызметті алушы қол қою керек немесе электрондық цифрлық қолтаңбасы куәландырылуы тиіс.

Шағым түсіргенде, әрекетіне (әрекетсіздігіне) лауазымды тұлғаның тегі және аты-жөні, лауазымы, талаптар мен шағымның себебі көрсетілуі керек.

25. Қолма-қол қабылданған шағым жеке (заңды) тұлғалар өтініштерін есепке алу журналында тіркеледі.

Шағымның қабылданғанын растайтын тіркелген күні мен уақыты, өтінішті қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетіліп берілген талон болып табылады.

Шағымның қаралу барысы туралы ақпаратты Министрліктің қызметкерлерінен мына (7172) 97-68-65, (7172) 97-69-79 телефондары арқылы алуға болады.

Шағымдарды қарау Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

26. Министрліктің байланыс деректері: мекенжайы: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, А блогы.

Жұмыс және қабылдау кестесі: еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген демалыс және мерекелік күндерінен басқа, күн сайын, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жұмыс істейді, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет жөніндегі қосымша ақпараттарды Министрліктің [www.mgm.gov.kz](http://www.mgm.gov.kz) ресми интернет ресурсының «Жер қойнауын пайдалану» бөлімінен алуға болады.

«Көмірсутегі шикізаты бөлігінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды тіркеу» мемлекеттік

қызметті көрсету стандартына  
қосымша

**Кесте. Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні**

Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылғы нысаналы мәні	Есепті жылда көрсеткіштің ағымдағы мәні
1	2	3	4
<b>1. Уақтылығы</b>			
1.1. Құжатты тапсырған сәтінен бастап белгіленген мерзімде қызметті көрсету жағдайларының %-ы (үлесі)	90%		
<b>2. Сапасы</b>			
2.1. Қызметті көрсету процесінің сапасына қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)	100%		
<b>3. Қол жетімділік</b>			
3.1. Қызметті көрсету сапасына және тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)	100%		
3.2. Ақпаратқа электрондық формат арқылы қол жеткізуге болатын қызметтердің %-ы (үлесі)	100%		
<b>4. Шағымдану процесі</b>			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)	100%		
<b>5. Сыпайылық</b>			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)	100%		

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

3 1

т а м ы з д а ғ ы

№

1 1 2 7

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**«Тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалауға (технологиялық), магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын**

# пайдалануға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызметтің стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметті өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті (бұдан әрі – Комитет) 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А 0505 кабинеті мекенжайы бойынша және мемлекеттік қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) болған жағдайда [www.egov.kz](http://www.egov.kz) Үкіметтің электрондық порталы немесе «Е-лицензирование» [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал) көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының (бұдан әрі – Заң) 33-бабының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 29-бабына сәйкес көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат:

1) Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) [www.mgm.gov.kz](http://www.mgm.gov.kz) интернет-ресурсындағы «Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті» бөлімінде;

2) порталда орналастырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету туралы ақпарат, сондай-ақ call-орталығының телефоны арқылы ұсынылуы мүмкін: (1414).

5. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесі мұнай-газ саласында тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық) қызмет түрімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығыштағы не электрондық құжат нұсқасында беру немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы қағаз тасығыштағы не Комитеттің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанындағы дәлелді жауап беруі болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушылар) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызметті алушы Комитетке немесе порталға өтініш берген сәттен бастап мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі мынаны құрайды: лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде – он бес

жұмыс күнінен кешіктірмей;  
лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде –  
он жұмыс күні ішінде;  
лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын беру  
кезінде – екі жұмыс күні ішінде;  
2) құжаттарды тапсыру кезінде ең ұзақ кезек күту уақыты – 30 минуттан  
аспайды;

3) құжаттарды алу кезінде ең ұзақ кезек күту уақыты – 30 минуттан аспайды.

#### 8. Мемлекеттік қызмет ақылы көрсетіледі.

Осы қызмет түрімен айналысу құқығы үшін бюджетке «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасы кодексінің 471-тармағына сәйкес лицензиялық алым алынады.

Егер лицензияны алуға электрондық сауал портал арқылы берілген жағдайда, төлем «электрондық үкімет» шлюзы (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады.

Қызмет түрімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым ставкасы осы стандарттың 3-қосымшасында көрсетілген.

9. Жұмыс кестесі: күн сайын, Еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген мереке және демалыс күндерінен басқа, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін көрсетіледі.

Хат-хабарларды қабылдау кестесі: күн сайын, Еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген мереке және демалыс күндерінен басқа, сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Құжаттарды қабылдау алдын ала жазылмастан және жедел қызмет көрсетілместен жүзеге асырылады.

Порталдың жұмыс кестесі-тәулік бойы.

#### 10. Мемлекеттік қызмет көрсетіледі:

1) Министрліктің ғимаратында; ғимаратқа кіру рұқсаттама бюросы берген рұқсаттама қағазы бойынша жүзеге асады. Рұқсаттама бюросының жұмыс кестесі: еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген демалыс және мерекелік күндерінен басқа, күн сайын, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жұмыс істейді, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсетілетін ғимарат мүмкіндігі шектеулі адамдардың кіруіне арналған пандустармен жабдықталған.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде мүмкіндігі шектеулі адамдарға кезектен тыс қызмет көрсетіледі.

2) порталда – жеке кабинетінде.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызмет алушы не оның сенімхат бойынша өкілі уәкілетті органға немесе порталға мынадай құжаттарды тапсырады :

1) Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін мынадай құжаттар қажет :

заңды немесе жеке тұлға үшін осы стандартқа 1 және 2-қосымшаларда көрсетілген белгіленген нысандағы өтініш;

заңды тұлға үшін – жарғының (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары берілмеген жағдайда нотариалды куәландырған) көшірмесі;

жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; өтініш берушінің салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариат куәландырған) көшірмесі;

қызмет түрімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариат куәландырған), лицензиялық алымның көлемі осы стандарттың 3-қосымшасында көрсетілген;

осы стандартқа 4-қосымшада көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар .

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын жеке тұлға үшін – тұтынушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметті, заңды тұлға үшін – заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің мәліметін Комитет тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден портал арқылы уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ куәландырған электрондық құжат нысанында алады.

Құжаттарды қабылдау кезінде Комитет қызметкері құжаттың көшірмесімен түпнұсқаны және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесі ұсынған мәліметтерімен салыстырады, одан кейін түпнұсқасын алушыға қайтарады.

Лицензиясы бар, қызмет түрі шеңберінде лицензияға қосымшаны алу үшін мынадай құжаттар қажет :

заңды немесе жеке тұлға үшін осы стандартқа 1 және 2-қосымшаларда көрсетілген белгіленген нысандағы өтініш;

лицензияның мәліметтері ([www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) порталында бар болған жағдайда) не лицензияның көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариат куәландырған);

осы стандартқа 4-қосымшада көрсетілген қызметтің кіші түріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын жеке тұлға

үшін – тұтынушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметті, заңды тұлға үшін – заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің мәліметін Комитет тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден портал арқылы уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ куәландырған электрондық құжат нысанында алады.

Қызмет алушы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін портал арқылы жүгінетін жағдайда мынаны ұсынады:

мемлекеттік қызметті алушының ЭЦҚ куәландырған электрондық құжат нысанындағы сауал;

жеке тұлға үшін – тұтынушының жеке басын куәландыратын құжаттың, жеке кәсіпкер үшін – жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, заңды тұлға үшін – заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің мәліметтері;

жарғы (электрондық түсіріп алынған көшірме түрінде электрондық сауалға тіркеледі);

ЭҮТШ арқылы бюджетке лицензиялық алым төленгені туралы ақпарат; осы стандарттағы 4-қосымшада көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар электрондық түсіріп алынған көшірме түрінде электрондық сауалға тіркеледі.

Лицензиясы бар, қызмет түрі шеңберінде лицензияға қосымшаны алу үшін мынадай құжаттар қажет:

лицензияның мәліметтері ([www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) порталында бар болғанда) немесе лицензия болған жағдайда электрондық түсіріп алынған көшірме түрінде (электрондық сауалға тіркеледі);

осы стандартқа 4-қосымшада көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар (электрондық түсіріп алынған көшірме түрінде электрондық сауалға тіркеледі).

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын жеке тұлға үшін – тұтынушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметті, заңды тұлға үшін – заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің мәліметін Комитет тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден портал арқылы уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ куәландырған электрондық құжат нысанында алады.

2) Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша жоғалған, бүлінген жағдайда қызмет алушы лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқаларын алуға құқығы бар.

Лицензияның телнұсқасын және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін мынадай құжаттар қажет:

Лицензияның телнұсқасын және (немесе) лицензияға қосымша беру туралы өтініш;

телнұсқа беру үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын

құжаттың (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариат куәландырған) көшірмесі, лицензиялық алымның мөлшері осы стандартқа 3-қосымшада көрсетілген.

Қызмет алушы лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқаларын алу үшін портал арқылы жүгінетін жағдайда мынаны ұсынады: мемлекеттік қызметті алушының ЭЦҚ куәландырған электрондық құжат нысанындағы сауал;

ЭҮТШ арқылы бюджетке лицензиялық алым төленгені туралы ақпарат.

3) Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша мынадай жағдайларда қайта ресімдеуге жатады:

- жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгергенде;
- дара кәсіпкерді қайта тіркеген, оның атауы мен мекенжайы өзгерген кезде;
- заңды тұлғаны бірігу, қосылу, бөлініп шығу немесе қайта құру нысанында қайта ұйымдастырған кезде;
- заңды тұлғаның атауы және (немесе) заңды мекенжайы өзгерген кезде.

Қызмет түрінің және (немесе) кіші түрінің атауы өзгерген жағдайда, алушының, осы тармақта белгіленген тәртіппен лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге құқығы бар.

Қызмет алушы қайта ресімдеу туралы өтінішті лицензияларды қайта ресімдеу кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алым төлегенін растайтын құжаттарды және лицензия мен лицензияға қосымшаның (болған жағдайда) көшірмелерін күнтізбелік отыз күн ішінде береді.

Қызмет алушы қайта ресімделген лицензияны алған кезде бұрын берілген лицензия мен лицензияға қосымшаны (болған жағдайда) лицензиарға қайтарады.

Қызмет алушы лицензияны қайта ресімдеу үшін портал арқылы жүгінетін жағдайда келесі мәліметті қамтитын сауал ұсынады:

ЭҮТШ арқылы бюджетке лицензиялық алым төленгені туралы ақпарат; лицензияның мәліметтері ([www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) порталында бар болғанда) немесе лицензия және лицензияға қосымша электрондық түсіріп алынған көшірме түрінде (электрондық сауалға тіркеледі).

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурс болып табылатын мәліметтерді Комитет жеке тиісті мемлекеттік ақпарат жүйесінен портал арқылы уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ куәландырған электрондық құжат нысанында алады.

12. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған өтініш нысандары электронды Үкіметтің [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталында, және [www.mgm.gov.kz](http://www.mgm.gov.kz) Министрліктің интернет-ресурсындағы «Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті» бөлімінде орналастырылады.

Веб-порталда мемлекеттік қызметті алушының өтініші кезінде сауалды осы



стандарттың 1 және 2-қосымшасына сәйкес электрондық құжат нысанында  
т о л т ы р у қ а ж е т .

13. Құжаттарды қабылдау портал арқылы немесе почта арқылы 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, А блогы, 0305 А кабинеті мекенжайы бойынша жүзеге асырылады.

Порталдағы мемлекеттік қызмет алушының өтініші кезінде: электрондық сауалды жіберу мемлекеттік қызметті алушының «жеке кабинетінен» жүзеге асырылады, сауал автоматты түрде тандалған қызметіне сәйкес адресатқа - мемлекеттік органға жіберіледі; мемлекеттік қызметті көрсету үшін сауалдың қабылданғаны туралы есебі, алу күні және уақытын көрсетумен – мемлекеттік қызметті алушының порталдағы жеке кабинетіне хабарлама жіберіледі.

14. Осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттардың тапсырылғанын растау Министрліктің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба және кіріс нөмірі, күні) болып табылады.

Мемлекеттік қызметті алушының веб-порталындағы өтініші кезінде: мемлекеттік қызметті алушыға веб-порталдағы «жеке кабинетіне» өтініш жіберу туралы хабарлама жіберіледі (сауал нөмірі); мемлекеттік орган екі күн ішінде өтінішті жіберген және нөмір берген сәтінен бастап тіркеу қажет, мемлекеттік қызметті алушының «жеке кабинетіне» сонымен қатар, веб-порталда тіркелу кезінде көрсетілген электрондық мекенжайына, қабылдаған күнін көрсетумен, мемлекеттік органға өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

Комитетте – осы стандарттың 13-тармағында көрсетілген мекенжайы бойынша қолма-қол алушыға беріледі (өзі бару немесе сенімхат бойынша өкілге);

порталда «жеке кабинетіне» жіберіледі.

16. Мемлекеттік қызметті көрсетудің тоқтатылуы үшін негіздеме ресімделуге жататын фактілерді белгілеу және берілген құжаттардың толық еместігі болып табылады.

Комитет өтініш берушінің құжаттарын қабылдаған сәттен бастап, екі жұмыс күні ішінде берген құжаттардың толықтығын тексеруге міндетті. Комитет берген құжаттардың толық емес фактісі айқындалған жағдайда, көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауабын береді.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тартуды Комитет мына жағдайларда жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында субъектілердің осы санаты үшін қызметтің түрімен айналысуға тыйым салынған;

- 2) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым енгізілмеген;
- 3) мемлекеттік қызметті алушы біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;
- 4) мемлекеттік қызметті алушыға лицензия беру келісуші мемлекеттік о р г а н м е н к е л і с і л м е г е н ;
- 5) мемлекеттік қызметті алушыға қатысты оған қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімі болғанда;
- 6) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот мемлекеттік қызметті алушыға лицензия алуға тыйым салғанда;
- 7) Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» Заңының 40-бабында көзделген негіздемелер бойынша.

Комитет өтініш берушінің (қызмет алушының) құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруге міндетті. Ұсынылған құжаттардың толық емес фактілері анықталған жағдайда Комитет аталған мерзімде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді түрде бастартады.

Бұл ретте, Комитет ұсынылған құжаттардың пакетін қызмет алушыға қайтарып береді немесе «жеке кабинетіне» (портал арқылы жүгінген жағдайда) қайтарады.

Мемлекеттік қызметті алушы, мемлекеттік қызмет көрсету не көрсетуден бастарту туралы ЭЦК куәландырған дәлелді жауапты, сондай-ақ порталда электрондық түрінде ала алады.

### **3. Жұмыс қағидаттары**

17. Комитеттің қызметі мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) адамның және азаматтың конституциялық құқықтарын және б о с т а н д ы қ т а р ы н сақтау;
- 2) қызметтік борышты орындау кезіндегі заңдылықты сақтау;
- 3) тұтынушылармен жұмыс кезінде сыпайылық;
- 4) көрсетілетін қызмет туралы жеткілікті және толық ақпарат беру;
- 5) өтініштерді қарау кезінде лауазымды тұлғалардың қызметінің ашықтығы;
- 6) тұтынушылар құжаттарының мазмұны туралы ақпаратты қорғау және құпиялылықты сақтау;
- 7) тұтынушының құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

### **4. Жұмыс нәтижелері**

18. Мемлекеттік қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа 5-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен

ө л ш е н е д і .

19. Комитеттің мемлекеттік қызметті көрсету сапасы мен тиімділік көрсеткішінің мақсатты мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрінің бұйрығымен бекітіледі.

## 5. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін Министрліктің құжат айналымын қамтамасыз ету қызметі мына мекенжай бойынша түсіндіреді: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, А 0305 кабинеті, байланыс телефондары: 8 (7172) 97-69-31, 8 (7172) 9 7 - 6 9 - 4 3 .

Шағымдану тәртібі туралы ақпаратты «электрондық үкіметтің» call-орталығының телефоны арқылы алуға болады (1414).

21. Министрлік жоғары тұрған ұйым болып табылады. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым Министрлікке мына мекенжай бойынша беріледі: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, А 0305 кабинеті, байланыс телефондары: (7172) 97-69-31, (7172) 97-69-43.

22. Қызметті көрсету кезінде дөрекілік көрсетілген жағдайда шағым Министрлікке мына мекенжай бойынша беріледі: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, А 0305 кабинеті, байланыс телефондары: ( 7 1 7 2 ) 9 7 - 6 9 - 3 1 , ( 7 1 7 2 ) 9 7 - 6 9 - 4 3 .

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа ш а ғ ы м д а н у ғ а қ ұ қ ы л ы .

24. Шағым, заңды тұлғаның толық атауын, мекен жайын, шағымның шығыс нөмірі мен күнін көрсете отырып, «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңына сәйкес әзірленеді. Шағым мемлекеттік қызметті алушының қол қоюымен немесе электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылуы тиіс.

Шағым түсіргенде, әрекетіне (әрекетсіздігіне) лауазымды тұлғаның тегі және аты-жөні, лауазымы, талаптар мен шағымның себебі көрсетілуі керек.

25. Қолма-қол қабылданған шағым жеке (заңды) тұлғалар өтініштерін есепке а л у ж у р н а л ы н д а т і р к е л е д і .

Шағымның қабылданғанын растау тіркелген күні мен уақыты, өтінішті қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетіліп берілген талон болып т а б ы л а д ы .

Шағымның қаралу барысы туралы ақпаратты Министрліктің қызметкерлерінен мына (7172) 97-68-65, (7172) 97-69-79 телефондары арқылы

а л у ғ а

б о л а д ы .

Шағымдарды қарау Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті алушының портал арқылы өтініші кезінде: мемлекеттік қызметті алушыға «жеке кабинетінен» портал арқылы электрондық өтінішті жібергеннен кейін, мемлекеттік органда өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпаратқа қол жетімді болады;

мемлекеттік органның жауабы Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтінішін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңына сәйкес беріледі.

26. Министрліктің байланыс деректері:

мекенжайы: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, А блогы.

Жұмыс және қабылдау кестесі: еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген демалыс және мерекелік күндерінен басқа, күн сайын, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жұмыс істейді, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет жөніндегі қосымша ақпараттарды Министрліктің [www.mgm.gov.kz](http://www.mgm.gov.kz) ресми интернет ресурсының «Жер қойнауын пайдалану» бөлімінен алуға болады.

«Тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалауға (технологиялық), магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызметті көрсету стандартына 1-қосымша

**Заңды тұлғаға лицензия алу үшін берілетін өтініштің нысаны**

---

(лицензиардың толық атауы)

---

(заңды тұлғаның толық атауы, БСН деректемелері)

## ӨТІНІШ

(қызмет түрі және (немесе) қызметтің кіші түрі (түрлері) көрсетілсін)  
\_\_\_\_\_ жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша  
беруіңізді \_\_\_\_\_ сұраймын.

Мекенжайы \_\_\_\_\_  
(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №,

\_\_\_\_\_ телефон, факс, e-mail)

Банк шоты \_\_\_\_\_  
(шоттың №, банктің атауы және орналасқан жері)

Филиалдар (өкілдіктер, объектілер, бекеттер, телімдер) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (орналасқан жері және деректемелері)  
Қоса беріліп отырған құжаттар:

Басшы \_\_\_\_\_  
(қолы) \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты)

Мөр орны \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

Өтініш 20 \_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ қарауға қабылданды

\_\_\_\_\_ (лицензиардың жауапты адамның қолы, тегі, аты, әкесінің аты)  
«Тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау,  
өндіру), мұнай-химия, химия  
өндірістерін жобалауға (технологиялық)  
және (немесе) пайдалануға, мұнай-газ  
өңдеу өндірістерін жобалауға  
(технологиялық), магистральдық газ  
құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай  
өнімдері құбырларын пайдалануға  
лицензия беру, қайта ресімдеу,  
лицензияның телнұсқаларын беру»  
мемлекеттік қызметті көрсету  
стандартына 2-қосымша

**Жеке тұлғаға лицензия алу үшін берілетін өтініштің нысаны**

\_\_\_\_\_ (лицензиардың толық атауы)

\_\_\_\_\_ (жеке тұлғаның толық тегі, аты, әкесінің аты, ЖСН деректемелері)

## ӨТІНІШ

\_\_\_\_\_ (қызмет түрі және (немесе) қызметтің кіші түрі (түрлері) көрсетілсін)  
\_\_\_\_\_ жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша  
б е р у і ң і з д і \_\_\_\_\_ с ұ р а й м ы н .

Тұрғылықты жері \_\_\_\_\_

Жеке басын куәландыратын құжат: түрі \_\_\_\_\_, сериясы \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ берген мекеме \_\_\_\_\_ берген кезі \_\_\_\_\_

Банк шоты (бар болса) \_\_\_\_\_

(шоттың №, банктің атауы және орналасқан жері)

Қоса беріліп отырған құжаттар:

\_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты)

20 \_\_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

Өтініш 20 \_\_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ қарауға қабылданды

\_\_\_\_\_ (лицензиардың жауапты адамның қолы, тегі, аты, әкесінің аты)

«Тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалауға (технологиялық), магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызметті көрсету стандартына 3-қосымша

**Тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға,**

**мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалауға (технологиялық), магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға қызмет түрімен айналысу құқығына лицензиялық алымның ставкасы**

Алым ставкалары Қазақстан Республикасының «Республикалық бюджет туралы» Заңында белгіленген және алымды төлеу күніне қолданыстағы айлық есептік көрсеткіштің мөлшеріне сүйене отырып белгіленеді және мынаны құрайды:

Р / с №	Лицензияланатын қызмет түрлері	Алым ставкалары, АЕК-пен
1.	Тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалауға (технологиялық), магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға қызмет түрімен айналысу құқығына лицензиялық алымның ставкасы	10
2.	Лицензияның телнұсқасын беру үшін алым ставкасы	лицензия беру кезіндегі ставкасының 100%-ы
3.	Лицензияны қайта ресімдеу үшін ставкасы	лицензия беру кезіндегі ставкасының 10%-ы

«Тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалауға (технологиялық), магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызметті көрсету стандартына 4-қосымша

**Тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық), магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары**

Тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық) бойынша қызметке қойылатын біліктілік талаптары қызметтің тиісті кіші түрлерін орындауға маманданатын заңды тұлғаларға (оның ішінде филиалдар, өкілдіктер) және жеке тұлғаларға (жеке кәсіпкерлерге) қолданылады және:

1) заңды тұлғалар үшін мөрмен және өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен, жеке тұлғалар үшін өтініш берушінің қолымен куәландырылған және еңбек қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғаудың нормативтік талаптарына сәйкес келетін қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін (жұмыстарын) орындаудың технологиялық регламентінің;

2) меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде (меншік құқығындағы немесе өзге де басқару нысанындағы құжаттардың көшірмелерімен расталады) өндірістік базаның (ғимарат, үй-жайлар) болуын қамтиды.

Өндірістік база өтініш берілген лицензияланатын кіші қызмет түрлеріне сәйкес жабдықталуы және мыналардың:

қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда), мұнайды, газды, мұнай-газ конденсатын өндіруді жобалау; қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын, мұнай-газ кен орындарын игеруге арналған жобалар мен технологиялық регламенттерді жасау; мұнай-газ кен орындарын игеру жобаларының техникалық-экономикалық негіздемесін жасау үшін – жобалау үшін лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етудің электронды – есептеу машиналарының, арнайы ұйымдастыру техникасының (принтерлер, көбейту-көшіру техникасы, плоттерлер және өзге де жабдықты);

қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда), мұнайды, газды, мұнай-газ конденсатын өндіру; ашық және жер асты тәсілдерімен қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын ашу және әзірлеу; кеніштер мен шахталарды жабу жөніндегі тарату жұмыстарын жүргізу үшін – инженерлік құрылыстардың, машиналардың, механизмдердің, құралдардың, арнайы көліктердің, жабдықтардың, өлшеу жабдықтарының, тау-кен өндірістері кезінде қолданылатын химиялық реагенттерді (оларды пайдаланған кезде) сақтауға арналған қоймалардың, үй-жайлардың, сыйымдылықтардың;

мұнай-газ кен орындарында технологиялық жұмыстарды жүргізу үшін – жабдықтардың, тау-кен өндірістері кезінде қолданылатын химиялық реагенттерді (оларды пайдаланған кезде) сақтауға арналған арнайы жабдықталған қоймалардың, үй-жайлардың, сыйымдылықтардың;

пайдалы қазбаларды өндіру үшін жарылыс жұмыстарын жүргізу үшін – лицензияның не өндіріс орнына қауіпті жүктерді (жарылғыш заттарды)



тасымалдау үшін лицензиясы бар жеке ұйыммен жасалған шарттың; уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатының не жарылыс заттарды, материалдарды сақтауға арналған қажетті қоймалары бар жеке ұйыммен шарттың; ашық тау-кен жұмыстарында ұңғымаларды бұрғылауға арналған бұрғылау станогының;

мұнай, газ ұңғымаларындағы каротаж жұмыстарын жүргізу үшін – каротаж станциялардың (ұңғымалық аспаптар мен зондтар, аспаптар мен зондтардың көрсеткіштерін тіркеуге арналған жер үсті аппараттары, арнайы (каротаждық) кабельдің, ұңғымада түсіру-көтеру операцияларына арналған жүк шығырдың);

мұнай, газ ұңғымаларындағы атқылау-жару жұмыстарын жүргізу үшін – перфорациялық жабдықтар мен жүйелерінің;

мұнай, газ ұңғымаларын, оның ішінде теңізде және ішкі су қоймаларында бұрғылау үшін - бұрғылау қондырғыларының, қашаудың, шегенделген құбырлардың, шығарындыға қарсы жабдықтардың, көтергіш агрегаттардың;

ұңғымаларды жер астында және күрделі жөндеу; жабдықтар мен агрегаттарды бөлшектеу; ұңғымалар көтергішін орнату үшін – қашаудың, шегенделген құбырлардың, шығарындыға қарсы жабдықтардың, көтергіш агрегатының, ұңғымаларды күрделі жөндеу үшін қолданылатын қондырғының;

ұңғымаларды жөндеуден кейін сынау; ұңғымаларды жуу, цементтеу, сынап көру және игеру үшін – жуу-цементтеу агрегатының, бақылау-өлшеу аспаптарының, өлшеу сепараторларының;

мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту үшін – техника құралдары кешенінің, қабаттардың мұнай беруін арттыру үшін арнайы техника мен технологияның;

құрлықта және теңізде мұнай төгілуінің, ұңғымалардың өздігінен атқылауының, мұнай және газ шығарындыларының (бұрқаққа қарсы жұмыстарды қоспағанда) алдын алу және оларды жою жөніндегі жұмыстар, ұңғымаларды консервациялау жұмыстарын жүргізу үшін – теңіздегі мұнай жинау қондырғысының (скиммер), қалқымалы резервуарлардың, бонолық тосқауылдардың; құрлықта мұнай жинауға арналған техникалар мен жабдықтардың, цементтейтін агрегаттардың;

мұнай-химия, химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану үшін – жабдықтар мен механизмдердің, технологиялық желілердің, шикізатты дайындау, қайта өңдеу қондырғыларының, шикізатты, дайын өнімдерді, жарылыс өрт қауіпті, күшті әсер ететін улы заттарды сақтау үшін арнайы жабдықталған қоймалардың, үй-жайлардың және сыйымдылықтардың, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде (салынған объектіні пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік қабылдау комиссиясы актісінің, сондай-ақ меншік құқығындағы немесе өзге де басқару нысандарындағы құжаттардың көшірмелерімен расталады) өнімнің стандарттарға, нормалар мен

техникалық шарттарға сәйкестігін бақылау бойынша аккредиттелген зертхананың (немесе қызмет көрсетуге арналған шарттың) болуын қамтуы тиіс;

3 ) м ы н а л а р д ы :

машиналарды, механизмдерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді;

еңбек қауіпсіздігін бақылауды;

метрологиялық бақылауды;

маркшейдерлік жұмыстарды (осы тармақтың 16-абзацындағы қызметтің кіші түрін қоспағанда);

технологиялық процесті сақтауды және берілген сападағы өнімнің шығарылуын сақтауды осы тармақтың (осы тармақтың 16-абзацындағы қызметтің кіші түріне ғана қолданылады);

қызметкерлердің біліктілігін арттыру кезеңділігін қамтамасыз ететін жауапты тұлғалар мен қызметтердің болуын қамтиды.

Өтінім беруші растаушы мәліметтер мен құжаттар ретінде осы қызметтерді құру және (немесе) жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады;

4) тиісті білім деңгейіне жауап беретін және тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша практикалық тәжірибесі бар (басшылар үшін – кемінде 3 жыл, мамандар үшін – кемінде 1 жыл) техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамының (басшылар үшін – жоғары техникалық, мамандар үшін – кемінде орта арнаулы білім) болуын қамтиды;

Өтінім беруші растаушы мәліметтер мен құжаттар ретінде штат кестесі және әрбір қызметкер: тегі, аты, әкесінің аты, білімі бойынша мамандығы, лауазымы, осы саладағы мамандығы бойынша жұмыс өтілі бойынша ақпаратты қамтитын жиынтық кестені ұсынады.

«Тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалауға (технологиялық), магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызметті көрсету стандартына 5-қосымша

## Кесте. Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылғы нысаналы мәні	Есепті жылда көрсеткіштің ағымдағы мәні
1	2	3	4
<b>1. Уақтылығы</b>			
1.1. Құжатты тапсырған сәтінен бастап белгіленген мерзімде қызметті көрсету жағдайларының %-ы (үлесі)	100%		
<b>2. Сапасы</b>			
2.1. Қызметті көрсету процесінің сапасына қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)	90%		
<b>3. Қол жетімділік</b>			
3.1. Қызметті көрсету сапасына және тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)	100%		
3.2. Ақпаратқа электрондық формат арқылы қол жеткізуге болатын қызметтердің %-ы (үлесі)	100%		
<b>4. Шағымдану процесі</b>			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)	100%		
<b>5. Сыпайылық</b>			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылардың %-ы (үлесі)	100%		